

1943 жылдан
басылымда
(6206)
16 мамыр
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚШУСЫ

ШЕКАРА ДЕП СОҚСЫН ЖҮРЕГІ...

20



ОТАНҒА
АДАЛДЫҚ
СЕРТІ

3




«ҚИЯЛЫ»
ҚЫРАҒЫЛАРЫ

5



ЖҮРЕГІН
ӘНМЕН
ТЕРБЕГЕН

9



10 мамыр – ҰҚК Шекара қызметінің сапына алынып, әскери өмірдің әліппесімен танысуды бастаған жас сарбаздар үшін естерінде ерекше сақталып қалатын күн. Ал күні кеше ғана Қазақстан халқы Ұлы Жеңістің 81 жылдығын кең атап өтіп, батырларымыздың ерлігіне тағзым жасаған болатын. Енді бүгін Алматы облысы департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінің 400-ден астам сарбазы Отанына адал қызмет етуге салтанатты түрде ант берді.

Аталған рәсімге департамент бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник Айдос Алиев бастаған қонақтар, сарбаздардың ата-ана, туыстары қатысты. Саптық алаңға Жауынгерлік Ту шығарылғаннан кейін, жиналған қалың қауым тағатсыздана күткен шара басталып кетті.

Айта кету керек, шекарашылар сапына көктем мезгілі басталған кезде алынған сарбаздар мұнда әскери өмірдің алғашқы әліппесімен танысып, саптық дағдыларын қалыптастырған соң ел шебінде орналасқан шекара бөлімшелеріне қажетті мамандықтарды да игеріп шығады. Бұл – аспаз, байланысшы және санитарлық нұсқаушы мамандықтары. Сондай-ақ жас сарбаздарды алдағы уақытта тамаша мүмкіндіктер күтіп тұр. Атап айтқанда, жауынгерлік-даярлық қызметінде дараланған шекарашылар әскерден кейін өздері қалаған отандық жоғары оқу орындарына тегін түсе алады. Бұған қоса, өзінің саналы ғұмырын ел шебімен байланыстырғысы келетіндер үшін еліміздегі және шетелдік жоғары әскери білім ұстаханаларының есігі айқара ашық

екенін, осыған дейін аталған бөлімде болған департаменттің бөлім бастығы подполковник Асхат Айсәғалиев бастаған офицерлер жеке құраммен кездесу кезінде егжей-тегжейлі түсіндірген болатын.

Шекарашыларды ант қабылдауларымен құттықтаған департамент басшысы полковник А.Алиев жас сарбаздардың алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі. Әрі қарай, «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі Президиумының төрағасы отставкадағы генерал-лейтенант Бексұлтан Сәрсекөв, сондай-ақ, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облысы бойынша филиалының өкілі запастағы полковник Арнұр Мұналбаевтар сөз сөйледі. Сондай-ақ сапта тұрған сарбаздардың атынан мінберге көтерілген қатардағы жауынгерлер Ернұр Жұмабай мен Андрей Колотевтер өздеріне артылған сенімге селкеу түсірмейтіндерін, тәуелсіз еліміздің шекарасын көздерінің қарашығындай қорғайтындарын ерекше леппен жеткізді.

Бүгінгі рәсімді ҰҚК Шекара қызметі Қыз-

меттік кинология басқармасының кинологтары мен Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының сайыпқырандары жалғастырған.

Шара соңында қатардағы жауынгерлер Абылай Есжан мен Санжар Кәрімдер патриоттық рухтағы «Батырлар ұраны» өнін орындаса, танымал әнші, «Құрмет» орденінің иегері Сұлушаш Нұрмағамбетова да мерекелік көңіл-күй сыйлады. Айту керек, бүгін өнер иесінің немересі ант қабылдап, шекарашы атанды.

Рәсім аяқталған соң бүгінгі шараға ұйытқы болған бөлім бастығы полковник Сағадат Әуезов ата-аналарға ұлдарының мерзімді әскери қызметтерін өткерген соң еліміздегі жоғары оқу орындарының біріне грантқа үміткер бола алатынын жеткізді. Бұдан кейін алғаш рет сарбаздарға жақындарымен бірге қалаға серуендеп келуге рұқсат берілді.

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-CP». Суреттерді түсірген автор.





АНТҚА АДАЛ ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауаны бойынша шекара басқармасында «Көктем-2026» шақырылымының 244 жас сарбазы салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Ел шебін күзетуге келген жас жауынгерлер Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге, мемлекеттік шекараны қырағылықпен қорғауға серт берді.

Биылғы «Көктем-2026» шақырылымымен келген сарбаздар Қарағанды, Ақмола, Түркістан облыстары және Абай облысы өңірлерінен шақырылған. Әр өңірден келген жас сарбаздар бүгінде Шекара қызметінің қыр-сырын меңгеріп, әскери дайындықтарын шыңдап жатыр.

Рәсім барысында Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин сөз сөйлеп, жас сарбаздарды маңызды күнмен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шекарашылардың рөлі ерекше екенін атап өтіп, жастарға адал қызмет пен мықты рух тіледі. Сонымен қатар сарбаздардың ата-аналарына ел қорғайтын ұл тәрбиелегендері үшін алғыс айтты.

Салтанатты іс-шарада Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалиев Советқан әскери анттың маңызына тоқталып, Шекара қызметінің жауапкершілігі жоғары сала екенін жеткізді. Ол жастарды Отанға адал болуға, әскери тәртіпті берік ұстануға шақырды.

Сонымен қатар ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник Анвар Рахматуллаев жас жауынгерлерді әскери ант қабылдауымен құттықтап, мемлекеттік шекараны қорғау – үлкен сенім мен абыройлы міндет екенін айтты.

Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы подполковник Қуанышбек Нүсіп өз сөзінде жас сарбаздардың алғашқы әскери дайындықтан сүрінбей өткенін атап өтіп, алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Іс-шараға Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, «Мақаншы айнасы» газеті редакторының орынбасары Абен Разуев және аудан әкімінің орынбасары Рахат Абдрахманов қатысып, жас сарбаздарға ақ баталарын берді.

Салтанатты ант қабылдау рәсімі әскери оркестрдің сүйемелдеуімен өтіп, саптық көрсетілімдер ұйымдастырылды. Жас сарбаздардың ата-аналары мен туыстары олардың Отан қорғаушысы атанған тарихи сәтіне куә болды.

Бүгінде мемлекеттік шекараны қорғау — ел тәуелсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Әскери ант қабылдаған жас шекарашылар енді Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету жолында абыройлы қызмет атқармақ.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер басқармадан.

САРБАЗДАР ОТАН АЛДЫНДА АНТ БЕРДІ

2026 жылдың 10 мамырында Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан және Күршім аудандары бойынша шекара басқармаларында жас сарбаздардың әскери ант беру рәсімі салтанатты жағдайда өтті.

«Көктем-2026» шақырылымы аясында елдің әр өңірінен келген 400-ге жуық жас жауынгер Отан алдында адал қызмет етуге серт беріп, шекара күзеті сапына ресми түрде қосылды.

Алматы, Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Жамбыл, Ақмола, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген сарбаздар үшін бұл күн – өмірлеріндегі ең маңызды белестердің бірі болды. Әскери ант – жай ғана рәсім емес, ол – азаматтың ел мен жер алдындағы қасиетті жауапкершілігін сезінуі, мемлекетке деген адалдығы мен патриоттық рухының айқын көрінісі.

Ант қабылдау рәсімі ерекше әсерлі жағдайда өтті. Сарбаздардың сап түзеп, Мемлекеттік Ту алдында ант беруі ата-аналар мен жақындарының жүрегіне мақтанш сезімін ұялатты. Бұл сәт – ел тыныштығын күзету жолындағы алғашқы қадам, нағыз азаматтықтың мектебі екені анық сезілді.

Шығыс Қазақстан облысы – стратегиялық маңызы зор өңір. Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақта орналасқандықтан, мұндағы шекара қызметінің жауапкершілігі де ерек-

ше. Осыған байланысты жас сарбаздар Зайсан және Күршім аудандары бойынша шекара басқармаларына бөлініп, мемлекеттік шекараны қорғау міндетіне кірісті.

Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы полковник Есим Ибраев жас сарбаздарға арнаған сөзінде әскери қызметтің маңызын ерекше атап өтті.

– Бүгіннен бастап сендерге Отан алдындағы үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әскери қызмет сендерді шыңдап қана қоймай, өмірде қажет болатын құнды қасиеттерге тәрбиелейді. Әрқайсың ел шекарасының беріктігіне үлес қосасыздар. Отанға адал қызмет ету – әр азаматтың қасиетті борышы, – деді ол.

Ал Күршім ауданы бойынша шекара басқармасында өткен ант беру рәсімі де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жас сарбаздарға тәрбие беріп, әскери өмірге бейімдеп жүрген подполковник Бақыт Омаров өз сөзінде шекарашы мамандығының маңызын ерекше атап өтті.

– Әскери ант – бұл азаматтың өліне берген серті. Біз бүгінгі жас сарбаздардың арасынан тәртіпті, жігерлі, нағыз патриот жастарды көріп отырмыз. Олар енді шығыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл – үлкен сенім мен зор жауапкершілік. Біз олардың әскери дайындығымен қатар ұлттық рухын да шыңдаймыз. Себебі шекара қорғаушы – ел мен жердің тыныштығы үшін қызмет ететін тұлға, – деді подполковник.

Сонымен қатар ол әскери бөлімдерде сарбаздардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалғанын жеткізді. Заманауи

құралдармен жабдықталған бөлімшелер, жаңа әскери даярлық әдістері мен әлеуметтік қолдау жүйесі жас жауынгерлердің кәсіби маман болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ант беру рәсіміне Алматы қаласынан арнайы келген «Застава тарландары» шекарашы ардагерлердің республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері – отставкадағы полковниктер Қайырбек Тортаев, Владимир Соболев және Қазақпай Ертышпаев қатысты.

«Көктем-2026» шақырылымы – тек кезекті әскери науқан емес, бұл – ел болашағына деген сенімнің көрінісі. Әр өңірден келген жас сарбаздардың бір сапқа тұрып, бір Тудың астында ант беруі – Қазақстанның бірлігі мен тұтастығын айшықтайтын маңызды сәт. Бүгінде олар – тәуелсіз еліміздің шекара тұтастығы мен бейбіт өмірінің сенімді сақшылары.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР». Сурет басқармадан.





Ақтауда ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті Жағалау күзеті бірінші дивизионында «Көктем-2026» шақырылымының жас сарбаздары салтанатты түрде әскери ант қабылдады.

Салтанатты рәсімге еліміздің Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Түркістан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарынан шақырылған 200-ден астам сарбаздар мен матростар қатысты. Жас жауынгерлер Отан алдындағы қасиетті борыштарын өтеуге адал болуға серт берді.

Іс-шараға жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, Шекара қызметінің ардагерлері, әскери қызметшілердің туыстары

мен жақындары қатысып, жас сарбаздардың маңызды қадамына куә болды.

Департамент бастығы Санат Жұманов сарбаздарды әскери ант қабылдау рәсімімен құттықтап, оның маңызына тоқталды:

– Құрметті шекарашылар, сіздерді әскери ант қабылдауларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – Отан қорғау жолындағы жауапты қадам. Сіздердің алдағы қызметтеріңізде батыл-

АДАЛДЫҚ СЕРТІ

дық, төзімділік және күш-қуат серік болсын. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында адал қызмет етіңіздер. Антқа адал болып, мақсатқа нық қадам басыңыздар, – деді.

Іс-шара барысында «Застава Тарландары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Қуаныш Нұржанов та құттықтау сөз сөйлеп, жас шекарашыларға сәттілік тіледі.

Салтанатты рәсім барысында жас сарбаздар саптық өнер мен қарумен орындалатын тәсілдерден көрініс көрсетіп, сондай-ақ вальс билеп, өз шеберліктерін паш етті.

Жиын соңында қонақтарға кинолог мамандардың қатысуымен қызметтік иттің мемлекеттік шекараны бұзушыны ұстау бойынша шартты жаттығуы көрсетілді.

Әскери ант қабылдаған жас сарбаздар алдағы уақытта шекаралық қызметтің қыр-сырын меңгеріп, екі айлық дайындықтан кейін ҚР Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша бөлімшелер мен күзет кемелеріне жіберілетін болады.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



ШАЛҒАЙДАҒЫ БӨЛІМШЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ СЕНІМДІ ҚАЛҚАНЫ

2010 жылы құрылған ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің «Шардара» шекара бөлімі бүгінгі таңда Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының маңызды құрылымдарының бірі. Бөлімнің жауапкершілік аумағы табиғи ерекшелігімен де күрделі.

Жер бедері негізінен құмды және шөлейтті болып келеді. Сонымен қатар бөлімнің аумағында Сырдария өзені мен Шардара су қоймасы орналасқан. Бұл аймақтарда шекара қауіпсіздігін

қамтамасыз ету ерекше қырағылық пен кәсіби дайындықты талап етеді. Шекара бөлімінің учаскесі инженерлік-техникалық жабдықтармен кезең-кезеңімен күшейтілген. 2025 жылдың қараша айынан бастап бейнебақылау камералары іске қосылып, шекара күзетінің тиімділігі арта түсті. Бұл – мемлекеттік шекараны заманауи технологиялар арқылы қорғауға бағытталған нақты қадамдардың бірі.

Бөлімнің бастығы подполковник Ильнур Абдулхаликов – шекара саласында мол тәжірибе жинақтаған офицер. Ол офицерлік жолын Мақаншы шекара басқармасының бөлімшелерінде бастап, әртүрлі жауапты лауазымдарда қызмет атқарған. Бөлім бастығы әскери қызметте ең маңызды құндылық – жауапкершілік пен төртіп екенін атап өтті. «Шекара – жай



ғана сызық емес. Ол – мемлекеттің тұтастығы мен халықтың тыныштығы. Сондықтан әрбір әскери қызметші өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс», – дейді подполковник Ильнур Абдулхаликов.

«Шардара» шекара бөлімі соңғы жылдары мемлекеттік шекарадан заңсыз контрабандалық тауарлардың өтуінің алдын алып, жоғары нәтижелер көрсетті. 2026 жылдың басынан бері бөлімге қарасты шекара бөлімшелерінде малды заңсыз алып өтудің бірнеше әрекетінің жолы кесілді.

Шекара бөлімі тек шекара


күзетімен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Шардара қаласындағы мектептер мен көпсалалы колледждерде құрылған «Жас шекарашы» үйірмелерімен тұрақты түрде кездесулер өткізіп келеді. Мұндай іс-шаралар жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, Отан алдындағы борышты адал өтеуге тәрбиелейді. Шекарашылардың өскелең ұрпақпен жұмысы – ел ертеңіне деген сенімнің белгісі.

Шекара – тыныштықтың

шебі. Ал сол шептің беріктігі – шекарашылардың сергектігіне байланысты. Құмды дала мен аптап ыстықта, күндіз-түні ел қауіпсіздігін күзетіп жүрген «Шардара» шекара бөлімінің әскери қызметшілері өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен атқарып келеді. Ел тыныштығы жолындағы бұл қызмет – үнсіз ерлік. Ал шекарашының әр қадамы – мемлекет қауіпсіздігіне қосылған өлшеусіз үлес.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген капитан Н. ӘБДІРӘСІЛ.





ПТН «АКТОБЕ» – ВСЕГДА НА ЧЕКУ

На одном из самых сложных участков государственной границы с Туркменистаном службу несут военнослужащие поста технического наблюдения «Актобе» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области.



Особенность данного направления – сложный рельеф местности, где равнинные участки сменяются резко пересеченной территорией. В таких условиях охрана государственной границы требует от военнослужащих высокой ответственности, выносливости и профессиональной подготовки.

Постом руководит лейтенант Асылхан Муратов. Несмотря на небольшой срок службы, молодой офицер уже успел зарекомендовать себя грамотным и ответственным руководителем.

– Наш участок спокойный, серьезных нарушений пограничного законодательства не фиксируется. Иногда к линии границы подходит скот или туристы могут заблудиться, но это не повод терять бдительность. Мы всегда на чеку, – отмечает Асылхан Муратов.

По словам офицера, на посту проходят службу шесть военнослужащих срочной службы. Основную задачу по контролю приграничной территории выполняют операторы радиолокационной станции. Они ведут круглосуточное наблюдение за обстановкой, работают с техническими средствами контроля, поддерживают связь с пограничным отделением и координируют действия пограничных нарядов.

Среди операторов поста – ефрейтор Алмас Марат, уроженец города Шымкент, ефрейтор Бекболат Абдигалиев из Актобе, ефрейтор Бекнур Тастанбек, призванный из города Арыс Туркестанской области, а также ефрейтор Данияр Сайлауов из Темирского района Актюбинской области.

За стабильную работу дизельного генератора и электрических систем отвечает дизелист-электрик ефрейтор



Айдын Аманжол из Шымкента. От его профессионализма зависит бесперебойное электроснабжение поста, а значит – стабильная работа радиолокационной станции, средств связи и другого технического оборудования.

Важную роль в обеспечении службы играет и ефрейтор Шынгысхан Абайұлы Нурыш – повар, уроженец Келесского района Туркестанской области. Он обеспечивает личный состав горячим и качественным питанием, что напрямую влияет на физическую готовность и моральный дух военнослужащих.

Стоит отметить, что военнослужа-

жащие поста показывают высокие результаты в боевой подготовке, воинской дисциплине и спорте, что свидетельствует об их профессионализме, выносливости и ответственном отношении к службе.

Несмотря на удаленность и сложные природные условия участка, военнослужащие с честью выполняют поставленные задачи, обеспечивая надежную охрану государственной границы Республики Казахстан.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото
лейтенанта А. МУРАТОВА.

ҚЫЗМЕТ ОРНЫ - БӨП

АЛТЫНКӨЛДІК ШЕКАРА САҚШЫЛАРЫ

ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімі құрылған күннен бастап мемлекеттік шекараны күзету ісінде жоғары жауапкершілік пен қырағылық танытып келеді.

Бөлімнің әскери қызметшілері тәулік бойы еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, заңсыз контрабандалық тауарлар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында нәтижелі қызмет атқаруда. Шекара шебіндегі қызмет – үлкен төзімділікті, тәртіпті және Отанға деген адалдықты талап ететін қасиетті міндет.


«Алтынкөл» өткізу пункті арқылы халықаралық жүк және жолаушылар пойыздарының үздіксіз қозғалысы жүзеге асырылатындықтан, бөлімнің әскери қызметшілерінің жұмысы ерекше маңызға ие. Олар шекара арқылы заңсыз өткізілмек болған тауарларды анықтайды. Мемлекет қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің алдын алады. Соңғы жылдары бөлім сақшылары бірнеше декларацияланбаған жүктер мен заңсыз тасымалданған тауарлардың жолын кесті. Бұл әскери қызметшілердің кәсіби даярлығы мен қырағылығының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.


Қазіргі таңда бөлімді подполковник Сергей Пауков басқарады.

Әскери ұжым тек жауынгерлік қызметте ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенділік танытып келеді. Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіліп, әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қайырымдылық көмектер көрсетіліп, қоғаммен тығыз байланыс орнатылған.

Шекарашы мамандығы – ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтаудағы ең абыройлы қызметтердің бірі. Мемлекеттік шекара күзетінде тұрған әскери қызметшілердің қажырлы еңбегі мен адалдығының арқасында еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілуде. «Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімінің әскери ұжымы да осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, Отан алдындағы антына әрдайым адал қызмет етуде.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР». Сурет шекаралық
бақылау бөлімінен.





«ДАРАБОЗДАН» АЛЫНҒАН РУХ

Қазіргі заманның әскери қызметшісі үшін қару ұстау ғана жеткіліксіз. Бүгінгі сарбаздің бойында рух, тарихқа құрмет, ұлтқа деген адалдық пен сана жалындап тұруы керек. Себебі әскери қызмет – жай мамандық емес, ол елдің тыныштығы мен мемлекеттің тағдырына жауап беру. Осындай ойларға жетелеген шығармалардың бірі – жуырда оқи бастаған «Дарабоз» романы болды.

Кей кітаптар оқырманға жай ғана оқиға сыйлайды. Ал кейбір шығармалар адамды терең ойға қалдырып, өткен мен бүгінді салыстыруға мәжбүр етеді. «Дарабоз» мен үшін дәл сондай туындыға айналды. Романды оқи отырып, қазіргі әскери адамның болмысы мен тарихи батырлардың рухани ұстанымдары арасында үлкен үндестік бар екенін аңғардым.

Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» арқылы тек тарихи оқиғаларды баяндап қоймаған. Ол ұлттың рухын сөйлетті. Романдағы Қаракерей Қабанбай бейнесі – тек батырдың емес, ел тағдырын арқалаған тұлғаның бейнесі. Оның әр сөзі мен әрекетінде намыс бар, тәртіп бар, жауапкершілік бар. Бұл қа-

сиеттер қазіргі әскери қызметші үшін де аса маңызды.

Маған романдағы мына сөздер ерекше әсер етті: «Үлкен пышақ ұялғаннан кеседі» бір қарағанда қарапайым мақал секілді. Бірақ астарына үңілсек, бұл – батылдық пен шешім қабылдау туралы сөз. Кейде әскери адамға артық күмән емес, нақты әрекет керек болады. Ел тағдыры сынға түскен сәтте күмәнға жол болмайды.

Тағы бір әсер еткен тұс: «Енді шекара шебінде қақпаның кілтін ұстап отырған Дарабоздың не ойлағаны бар екен? Соны бір тыңдайықшы». Осы жолдарды оқығанда қазіргі шекарадағы офицерлер көз алдыма келді. Себебі фасырлар ауысса да, шекараның маңызы өзгерген жоқ. Бұрын най-



за ұстаған батыр тұрса, бүгін сол орында әскери формадағы шекарашы тұр. Бірақ мақсат бір – ел тыныштығын сақтау.

Ал үшінші сөз, менің ойымша романның ғана емес, тұтас қазақ

рухының ұраны іспеттес: «Қасық қанымыз қалғанша соғысамыз. Қырық жыл бойы қылышымызды қынабына салмай жоңғармен жандасқанда, сол жерді жатқа беру үшін соғысыппыз ба? Жер

керек болса, қазақты алдымен жеңіп алсын!». Бұл сөздерден туған жердің қадірі, рух, қайсар мінез анық сезіледі. Қазіргі әскери қызметші де дәл осындай сеніммен қызмет етуі тиіс деп ойлаймын. Өйткені Отанға адалдық – уақытқа тәуелді ұғым емес.

Романның тағы бір ерекшелігі – оның тілі. Шығармадағы суреттеулер, көне сөздер, жыраулар рухы оқырманды сол дәуірге жетелейді. Кейіпкерлердің мінезі де жасанды емес, тірі бейне секілді ашылған. Абылай хан мен Қабанбай арасындағы сыйластық, батырдың отбасындағы қарапайым болмысы – бәрі адам табиғатын терең көрсетеді.

Меніңше, бүгінгі жастар, әсіресе әскери адамдар тарихи романдарды көбірек оқуы керек. Себебі техника адамды күшейткенмен, рухты тек тарих күшейтеді. Ал рухы мықты сарбаз ғана ел қорғай алады. «Дарабозды» оқып отырып бір нәрсені анық түсіндім: тарихтағы батырлар тек өткеннің кейіпкерлері емес. Олар – бүгінгі ұрпаққа бағыт беретін рухани шамшырақ. Бәлкім сондықтан да тарих ешқашан ескірмейді.

Подполковник Ж.КЕМЕЛ,
«OS-ЧР».

МОРСКАЯ СЛУЖБА – ШКОЛА МУЖЕСТВА

Охрана Государственной границы в Каспийском море – одна из важных задач Пограничной службы. Надежную защиту морских рубежей обеспечивают не только офицеры и военнослужащие по контракту, но и военнослужащие срочной службы.



в закрепленном за мной участке на корабле.
– Как проходит Ваш обычный день на борту?

– День начинается с утренней физической зарядки и построения. Далее мы завтракаем и идем на занятия по несению вахтовой службы, технике безопасности, корабельному устройству и основам военно-морской подготовки. Со мной дополнительно проводят занятия по эксплуатации дизельных установок и электрооборудования корабля.

После обеда занимаюсь обслуживанием дизельного агрегата, проверяю техническое состояние оборудования, слежу за исправностью систем и выполняю обязанности по своей специальности.

Так проходит обычный день на корабле. А когда заступаем на боевую службу и выходим в море, распорядок уже зависит от поставленных задач и обстановки.

– Чему Вы научились за время службы?

– Служба научила меня дисциплине, ответственности, выдержке и умению работать в коллективе. Здесь я получил новые знания и навыки, связанные с морской службой. И самое главное я начал ценить родных и близких.

– Что Вам больше всего запомнилось в службе на корабле?

– Больше всего запоминаются выходы в море и несение вахты. Помню, как однажды мы преследовали нарушителя. Весь экипаж был напряжен до предела. Я почувствовал, что мы сдали единым целым. Команды исполнялись с полуслова и каждый выкладывался на максимум. Такие моменты запоминаются особенно.

– Что бы Вы хотели сказать молодым ребятам, которым только предстоит служба в армии?

– Хочу пожелать будущим солдатам и матросам быть терпеливыми, дисциплинированными и ответственными. Армия закаляет характер, учит самостоятельности. Обязательно отслужите в армии. Здесь многому научитесь.

– Спасибо за содержательную беседу!

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото капитана 3-го ранга В. ЧАНОВА.

Еліміздің тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін күзету – үлкен жауапкершілік. Осы маңызды міндетті абыроймен атқарып жүрген бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Жайсан» шекара бөліміне қарасты «Қиялы» шекара бөлімшесі.



«ҚИЯЛЫ» ҚЫРАҒЫЛАРЫ

«Қиялы» шекара бөлімшесінің іргетасы 1971 жылы Ақтөбе облысы Мәртеқ ауданы Бөрте ауылында қаланып, ел шебін қорғау міндеті әскери қызметшілерге сеніп тапсырылды. Содан бері бөлімше шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай қызмет етіп келеді.

Соңғы жылдары «Қиялы» шекара бөлімшесі департамент көлеміндегі үздік бөлімшелер қатарынан көрініп, бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, 2022 жылы жылдық қорытынды сынақ сабақтарының нәтижесі бойынша бірінші орынды иеленсе, 2024 жылы мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау қызметінің қорытындысы бойынша үшінші орынға ие болды.

2025 жылдың қорытындысында бөлімше әскери тәртіпті сақтау, жеке құрамның ұйымшылдығы мен жауынгерлік даярлығы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл – бөлімшеде қалыптасқан жүйелі жұмыстың, кәсіби басқарудың және жеке құрам жауапкершілігінің нақты нәтижесі.

Бөлімше бастығы болып аға лейтенант Қуаныш Серікұлы тағайындалғанына көп уақыт болмаса да, ол жеке құраммен бірлесіп қызметті жаңа деңгейге көтеру


жолында аянбай еңбек ететінін жеткізді. Бұған дейін «Әлімбет» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметін жауапкершілікпен атқаруы оның кәсіби тәжірибесін айқындай түседі.

– Мемлекеттік шекараны қорғау – үлкен жауапкершілік. Әрбір шекарашы өз міндетін Отан алдындағы қасиетті борыш деп біледі. Шекара шебін күзету – тек физикалық дайындық емес, бұл – рух мықтылығы мен елге деген адалдықтың көрінісі, – дейді аға лейтенант Қуаныш Серікұлы.

Бөлімшенің күнделікті қызметінде қызметтік иттер де маңызды рөл атқарады. «Файна», «Натан» және «Тимос» атты қызметтік иттер мемлекеттік шекара мен шекаралық режимді бұзушыларды анықтауда қырағылық танытып, өз міндеттерін мінсіз орындап келеді.

Еліміздің Ресей Федерациясымен арадағы мемлекеттік шекарасын күзетіп жүрген осы ержүрек шекарашылардың арқасында ел шебі берік, шекара қауіпсіздігі сенімді қорғалып келеді.

Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген
аға лейтенант Қ. СЕРІКҰЛЫ.



ТҰРБАТ ТӨРІНДЕГІ ЖАС ОФИЦЕР

Түркістан өңірінің таулы аймағында орналасқан «Тұрбат» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараның тыныштығын күзетіп тұрған стратегиялық маңызды нысандардың бірі. Қырағы қызмет пен жоғары жауапкершілікті талап ететін бұл бөлімде Отан алдындағы антына адал, кәсіби білімі мен жігерін ұштастыра білген жас офицерлер қызмет атқаруда. Солардың қатарында «Тұрбат» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Рахман Абайхан есімі ерекше аталады.

Табиғаты тылсым, жоталары көкпен таласқан Төле би өңіріндегі «Тұрбат» шекара бөлімшесінде күн сайынғы қызмет ерекше қырағылықпен өтеді. Таңғы салқынмен басталатын шекара тынысы кешкі қараңғылық түскенге дейін тоқтаусыз жалғасады. Осындай жауапты ортада қызмет ету – кез келген офицер үшін үлкен сын. Абайхан Қайратұлы 2003 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы Қаскелең қаласында дүниеге келген. Бала кезінен тәртіп пен білімге жақын болып өскен ол мектеп қабырғасында-ақ әскери мамандыққа қызығушылық танытады. Алматы қаласындағы №188 мектеп-гимназиясын қызыл аттестатпен тәмамдауы – оның білімге деген ұмтылысының айқын дәлелі. 2020 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсіп, 2024 жылы білім алып шығады. Бұл кезең жас офицердің кәсіби қалыптасуындағы маңызды белес болды. Академия қабырғасында әскери тәртіпті, Шекара

қызметінің тактикалық және құқықтық негіздерін меңгерген жас маман алғашқы қызмет жолын Түркістан облысындағы шекара бөлімшесінде бастады. 2024 жылдан бастап «Тұрбат» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келеді. Қысқа мерзім ішінде өзін талапшыл, бастамашыл әрі сауатты офицер ретінде көрсете білді. Қызмет барысында мемлекеттік шекара режимін бұзған 18 азаматты анықтап, шекаралық аймақта белгіленген тәртіпті бұзған 150-ден астам азаматты ұстауға тікелей ықпал еткен. Бұл – жай ғана статистика емес. Бұл – ел қауіпсіздігі жолындағы күнделікті тынымсыз еңбектің нәтижесі. Таулы аймақтағы Шекара қызметі қашанда күрделі. Құбылмалы ауа райы, қиын өткелдер, тәулік бойғы кезекшілік – мұның бәрі әскери қызметкерден тек физикалық төзімділік емес, психологиялық тұрақтылықты да талап етеді. Осындай ортада Абайхан

Қайратұлы жас офицерлерге үлгі болып, жеке құрам арасында тәртіп пен жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейде болуына өз үлесін қосып келеді.

«Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің айнасы. Оны күзету – тек қызмет емес, бұл үлкен аманат пен жауапкершілік», – дейді лейтенант Абайхан Қайратұлы.

Қызметтегі табыстың артында сенімді отбасының қолдауы тұратыны белгілі. 2024 жылы отбасын құрған Абайхан бүгінде бір ұл тәрбиелеп отыр. Жас офицердің жары Еркежан Құрманбекқызы қазіргі таңда бала тәрбиесімен айналысуда. Отбасы – офицер үшін рухани тірек. Әскери қызметтің ауыртпалығын көтеруде жанұя қолдауының орны ерекше. Бұл жас офицердің өмірлік ұстанымынан да анық байқалады.

Түркістан өңірінің таулы белдеулерінде орналасқан «Тұрбат» шекара бөлімшесінде қызмет етіп жүрген жас офицердің еңбек жолы – ел қауіпсіздігі жолындағы адал қызметтің үлгісі. Оның кәсібилігі мен жауапкершілігі шекара қызметінің беделін арттырып қана қоймай, жас сарбаздарға рух береді. Ел шебінің тыныштығы – осындай сергек те сенімді шекарашылардың қолында.

Подполковник
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет шекара
бөлімшесінен.



КӘСІБИ МЕРЕКЕ



БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ

Әскери салада Отан алдындағы антқа адал, жауапкершілігі жоғары, қайсар мінезді нәзік жандылар абыройлы қызмет атқарып келеді. Солардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшісі Айжан Ислямханова.

Айжан Ислямханқызы 1986 жылы Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дүниеге келген. Әкесі – ұстаз, анасы – дәрігер. Тәртіп пен еңбекқорлықты ту еткен отбасында тәрбиеленген ол жастайынан әскери өмірге қызығушылық танытады. Алматы қаласындағы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін инженер мамандығы бойынша тәмамдаған соң, үлкен ағасының жолын қуып, Қызылорда қаласында әскери қызметке шақырылады.

Әскери өмірдің қиындығы мен қызығын қатар өткерген Айжан Ислямханқызы осы ортада өзінің өмірлік серігін де жолықтырады. Отбасын құрғаннан кейін сол кездегі «Шығыс» өңірлік басқармасына қарасты Күршім шекара отряды байланыс бөлімшесінің жауапты орындаушысы лауазымына тағайындалады. Қызмет барысында әріптестерімен тежірибе алмасып, далалық оқу-жаттығуларға да белсенді қатысты. Әскери қызметтің ауыртпалығы жөнінде қойылатын сауалдарға ол әрдайым:

– Маған әскери қызмет ауыр емес. Себебі арқа сүйер отбасым бар. Елім үшін адал еңбек етіп жүргенімді мақтан тұтамын, – деп жауап береді.

Бүгінде Айжан Ислямханқызы әскери

өмірдің 17 жылын артқа тастап, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Байланыс және ақпараттық технологиялар департаментінің техник лауазымында қызмет атқаруда.

Қызмет барысында есте қалған оқиғалардың бірі дабыл бойынша көтерілген оқу-жаттығу кезінде орын алған. Қолына радиостанциясын ұстап, үстіне бронезиелет пен каскасын киіп жүгіріп келе жатқан сәтінде ол оқу-жаттығуы бойынша жіберілген «бұзушыны» байқап қалып, дереу қуып жетіп ұстаған. Бұл – оның тек байланыс маманы ғана емес, әскери тәртіп пен қырағылықты қатар ұстанатын шекарашы екенін айқын көрсетеді.

Адал еңбек әрдайым бағаланады. Көп жылғы мінсіз қызметі мен кәсіби шеберлігі үшін Айжан Ислямханқызы Байланыс департаментінің ұсынысымен ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының грамотасымен марапатталған.

Отанға адал қызмет ету – үлкен абырой. Осындай ел тыныштығын күзетіп жүрген әскери байланыс қызметшілерін атаулы мерекелерімен құттықтаймыз.

Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
отбасылық мұрағаттан.

ҚОЯНБАЙДАҒЫ ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік шекараны күзету – үлкен жауапкершілік пен темірдей тәртіпті талап ететін абыройлы міндет. Бұл жолда Отан алдындағы антына адал болып, ел тыныштығы үшін аянбай қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер аз емес. Солардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты «Қоянбай» шекара бөлімшесінің әскери қызметшісі кіші сержант Бауыржан Қалитаев.

Бауыржан Ертаулы 1999 жылдың 13 наурызында Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданына қарасты Мамай ауылында дүниеге келген. Туған жердің табиғаты мен ауылдың қарапайым тіршілігі оның бойында еңбекқорлық пен жауапкершілік қасиеттерін ерте қалыптастырды.

2005 жылы Мамай ауылындағы Амангелді атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, білімге деген ынтасымен ұстаздарының ықыласына бөленді. Мектеп қабырғасында жүріп тәртіптілігімен, сабырлы мінезімен ерекшеленген ол 2014 жылы 9-сыныпты тәмамдап, болашақ мамандығын айқындауға қадам жасады.

Сол жылы Семей қаласындағы Рымбек Байсейітов атындағы қаржы-экономикалық колледжіне оқуға түсіп, «Ақпараттық жүйелер» мамандығын меңгерді. 2018 жылы арнайы орта білім алып шыққан жас маман заман талабына сай техникалық білімді игеріп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын азамат ретінде қалыптасты.

2019 жылдың сәуір айында Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған Бауыржан Ертаулы әскери қызметтің қыр-сырын Алматы облысы Ұйғыр ауданындағы Шонжы ауылында орналасқан 2534 әскери бөлімінің «Қалжат» шекара бөлімшесінде

де меңгерді. Әскер қатарындағы қызмет оның шыдамдылығын

шыңдап, әскери тәртіп пен патриоттық рухты одан әрі нығайтты. Мемлекеттік шекараны қорғау жолындағы алғашқы тәжірибе дәл осы кезеңде қалыптасты.

Әскери қызметке деген қызығушылығы мен шекарашы мамандығына деген құрмет оны осы саламен өмірін байланыстыруға жетеледі. 2021 жылдан бастап келісімшарт негізінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының «Қоянбай» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда 2-мобильдік топ бастығы міндетін абыроймен атқаруда.

Қызмет барысында кіші сержант Қалитаев Бауыржан өзін жауапкершілігі жоғары, тапсырылған міндетке мұқият қарайтын әскери қызметші ретінде көрсете білді. Әріптестері арасында сыйлы, жас сарбаздарға үлгі бола білген шекарашы күнделікті қызметте қырағылық пен кәсібилікті басты орынға қояды.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет департаменттен



ШЕКАРАШЫ ИТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

ФИЛЬМ

Сүйінші жаңалық, биыл ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің аумағында жаңа фильм түсірілетін болады. Бұл – шекарашы мен оның ел шебіндегі төрт аяқты сенімді серігі туралы. Нұрлан мен Таймастың айнымас достығы баяндалады... Кинолог пен шекарашы ит. Кейде достыққа адалдықты иттен үйрену керек секілді көрінеді... Осындайда өзін ел шебіне жасаған журналистік іссапарлардың бірінен шекарашылардың бірінен естіген мына әңгімені еске аламын. Еріксіз. Өйткені, жүрек тебіренерлік. Өзі былай болып келеді.



Шығыстағы шекара шебінде бір жауынгер қызмет атқарды. Оған бекітілген иттің аты Юстус болатын. Талай шекара бұзушының ізіне түсіп, құтылып кетуіне жол бермеген немістің өте ақылды овчаркасы еді. Әсіресе итке иесімен бірге шекараға шыққан ұнайтын. Олардың алдында ондаған шақырымдар жатыр. Екі елдің арасын бөлген шекараның бойы тыныштық құшағында. Трактор тәртіппен тырмалап кеткен бақылау-із кесу жолағы тап-таза. Тек, мұның алдамшы сәт екенін, екеуді де жақсы біледі. Кез келген уақытта бұзылуы мүмкін... Сондықтан, көрші шекара бөлімшесімен түйіскен жерге жеткенше екеуі де тоқтамайды. Сосын екеуінің «әңгімесі» басталады. Айтушы – иесі, тыңдаушы – иті. Шекарашы оған бәрі-бәрін айтатын еді. Алыста өзін күтіп жүрген сүйген қызы жайында. Әскерден кейін өзінің осында, досының жанында қалғысы келетінін, ал сүйгені бұл туралы білетінін, тіпті қолдағанын... Юстус болса, осының барлығын басын алдыңғы екі аяғының басына қойған күйі «үңсіз» тыңдап жататын еді.

Міне, осындай күндердің бірінде екеуінің достығына сызат түскен. Оған шекарашының өзі кінәлі. Ол итінің өзіне қаншалықты адал екенін білмек болады да Юстусты тамақтандырып, қыдыртуды бөлімшедегі тағы бір кинологқа қалдырады да өзі жол жүріп кеткен сыңай танытады. Содан кейін оқу-жаттығу шекара бұзушыға арналған киімді киеді. Әрі қарай, барлығы «сценарий» бойынша өрбиді. Артынан оқша атылған ит мұны жерге құлатып, өткір тістерін шекара бұзушының жеңіне қадаған күйі қатып қалады. Бұл – Юстустың иесін танымағанын білдіретін еді. Тағы иттің тістері де шекарашының білегін ауырытып жіберген. Ақыры шыдай

алмаған ол: «Жібер, Юстус, бұл мен ғой! Танымай қалдың ба?», - деп айғайлап жіберді. Осы сәт не болғанын білесіз бе? Иесінің дауысын естіп, абдырап қалған ит тістерін босатады да өзі шоқиып отыра кетеді. Осы сәт Юстустың көздері сондай мұңды болатын...

Әңгіме осы жерге келгенде мен сұхбаттасуға: «Неге?» деп сұрақ қойдым. «Себебі бұл дұрыс емес еді. Иесі иті мен екеуінің арасындағы достыққа шүбә келтірді. Адал екенін сынап көрмек болып, досының көңілін қалдырды», деді. Мен ойланып қалдым. Өйткені, сұрапыл сөздер еді...

...Ал «Нұрлан мен Таймас» туралы фильм. Бұл енді басқа тақырып, басқа әңгіме. Мұны біз алдағы күндері білетін боламыз. Бұлай дегенім, осы жолдардың авторы да жаңа көркем фильмнің консультанты болып бекіген. Сондықтан, жақын арада басталатын түсірілім сәтінен фоторепортаж жасайтынымызға сенімдіміз. Айтпақшы, түсірілім алаңы үшін таңдау – Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының үш елдің шекарасы түйіскен жерде орналасқан шекара бөлімшесіне түскен. Ал бүгін біз болашақ фильмнің продюссері Г.Тілеубек бастаған шығармашылық топпен бірге «Алматы» халықаралық әуежайын барып, ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» шекаралық бақылау басқармасына қарасты «Жүк» және «Жолаушылар» шекаралық бақылау бөлімдерінің қызметімен таныстық. Болашақ фильмге қажетті материалдар үшін...

Бұл – алда қарбаласқа толы күндер күтіп тұрғанын көрсетеді.

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Сурет ЖИ арқылы жасалған.

СЛУЖИТЬ РОДИНЕ – ЭТО ПРИЗВАНИЕ

Среди молодых офицеров Департамента ПС КНБ по Костанайской области лейтенант Еламан Ануаров отличается спокойствием, выдержкой и ответственным отношением к службе. Сегодня он проходит службу в подразделении «Костанай» (авиационное), ежедневно выполняя задачи по охране и защите государственной границы Республики Казахстан.

Еламан Ануаров родился в 1999 году в городе Аркалык Костанайской области. Воспитывался в простой семье вместе с сестрой. Главную роль в воспитании сыграла мать, которая одна поднимала детей и с раннего возраста прививала им уважение к труду, дисциплине и честности.

С детства будущий офицер мечтал добиться успеха собственными силами, построить большой дом и обеспечить своей семье достойную жизнь. Именно эти жизненные цели стали для него главной мотивацией и по сей день помогают уверенно двигаться вперед.

Школьные годы Еламана были тесно связаны со спортом. Он занимался вольной борьбой и рукопашным боем, принимал участие в соревнованиях, занимал призовые места и выполнял спортивные разряды. Первые соревнования в возрасте семи лет особенно запомнились ему как начало серьезного пути, который научил его дисциплине и стремлению никогда не останавливаться.

После школы судьба при-

вела его в ряды Пограничной службы. Срочную воинскую службу он проходил в Восточно-Казахстанской области, где впервые познакомился с особенностями службы на государственной границе. Именно тогда пришло понимание, что защита Родины станет делом всей его жизни.

Высшее образование лейтенант Е. Ануаров получил по специальности «юриспруденция», окончив Челябинский государственный университет. Полученные знания сегодня помогают ему в повседневной служебной деятельности.

Первый служебный день офицера прошел на участке государственной границы с Китаем в районе города Зайсан. Молодой военнослужащий впервые увидел работу пограничного наряда и осознал всю ответственность профессии пограничника.


Несмотря на напряженный



ритм службы, Еламан находит время для личных увлечений. Он занимается плаванием, интересуется автомобилями немецких марок и проектами реставрации автомобилей 90-х годов. Во время учебы в университете успел поработать экскурсионным гидом в Турции, где познакомился с культурой другой страны и получил полезный жизненный опыт.

Самым важным событием в своей жизни лейтенант считает момент, когда стал отцом. Именно семья сегодня остается для него главной опорой и источником вдохновения.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР». Фото из личного архива Е. АНУАРОВА.



АДАЛДЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ СИМВОЛЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі – еліміздің тыныштығы мен аумақтық тұтастығының кепілі. Бұл құрылымда қызмет атқарып жүрген әрбір әскери қызметшінің бойында асқан жауапкершілік, Отанға деген адалдық, тәртіп пен табандылық секілді қасиеттер болуы шарт. Осындай биік талаптарға толықтай сай келетін, өзінің өмірінің 21 жылдан астам уақытын туған елінің шекарасын қорғауға арнаған жандардың бірі – Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Теректі» шекара бөлімі «Алқабек» шекара бөлімшесінің старшинасы пропорщик Талғат Игинсов.



Талғат Адылдабековичтің әскери жолы 1999 жылы Шығыс өңірлік басқармасының 2086 әскери бөлімі «Мақаншы» шекара отрядына қарасты «Ф. Озмитель» шекара заставасынан бастау алды. Ол мұнда мерзімді әскери борышын өтей жүріп, нағыз шекарашы болуға лайықты қасиеттерді бойына сіңірді. Әскер қатарына қабылданған сәттен бастап өзінің тәртібімен, жауапкершілігімен, тәртіпке деген адалдығымен көзге түсе білді. Әскери қызмет аяқталған соң да ол бұл саладан кетпей, өмірлік кәсібіне айналдырды. 2002-2003 жылдары «Өскемен» шекара отрядының «Шемонайха» шекара заставасында келісімшарт негізінде қызметін жалғастырды.

Бұдан кейін Талғат Адылдабекович Күршім ауданындағы «Үшбұлақ» шекара бөлімшесінде старшина лауазымында қызмет атқарып, бұл бөлімшенің дамуына орасан үлес қосты. 2022 жылдан бастап «Алқабек» шекара бөлімшесіне ауысып, осы күнге дейін сол бөлімшеде старшина қызметін абыроймен атқарып келеді. Күнделікті қызметінде әскери тәртіп пен жауапкершілікті жоғары қойып, бөлімшенің ішкі тәртібін, сарбаздардың тәрбие-әскери жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға

атсалысып жүр. Ол тек әскери тапсырмаларды орындаушы ғана емес, нағыз ұйымдастырушы, ұжымның ұйытқысы. Жас сарбаздардың кәсіби шыңдалуына, патриоттық рухының қалыптасуына барын салып еңбек етеді.

Оның адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі жоғары бағаланып келеді. Қызмет барысында бөлім командирлері мен шекара басқармасы бастықтарының көптеген алғыс хаттары мен грамоталарына ие болды. 2016 жылы Шекара қызметі Директорының бағалы сыйлығы – қолсағатпен марапатталса, 2025 жылы облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Зейнеткерлік жасқа жақындап қалғанына қарамастан, Талғат Адылдабекович әскери қызметті үлкен жауапкершілікпен жалғастырып келеді. Ол үшін әскери қызмет – жай ғана жұмыс емес, бұл – жүрекпен таңдалған өмір жолы. Тәуелсіз Қазақстанның шекара тұтастығын көздің қарашығындай қорғап келе жатқан ел тыныштығы үшін күн-түн демей қызмет ететін Талғат Игинсов сынды азаматтар – болашақ ұрпаққа өнеге, шекара қызметінің шын мәніндегі тірегі.

Подполковник **Ф. БАКЕТОВ**, «OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

17 мая в Казахстане отмечается День работников связи – профессиональный праздник специалистов, чей труд обеспечивает устойчивую работу систем управления, коммуникаций и информационной безопасности государственных органов. В Пограничной службе КНБ значение этой работы особенно велико, поскольку от надежности связи напрямую зависит оперативность и слаженность действий подразделений.

ОБЕСПЕЧИВАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ГРАНИЦЫ

Одним из военнослужащих, выполняющих задачи в данном направлении, является ефрейтор Ансар Серикжанов, проходящий службу в Департаменте Пограничной службы КНБ по Костанайской области.

Он родился 12 сентября 1998 года в городе Костанай. Детство и юношеские годы прошли в городе Рудном, который стал для него настоящей школой характера. С ранних лет он занимался хоккеем, куда его привел отец. Спорт сыграл важную роль в формировании личности: научил дисциплине, выдержке, умению работать в команде и добиваться результата. В составе хоккейных команд он становился призером республиканских соревнований, а также бронзовым призером турнира в Республике Татарстан.

– Все, чего я достиг, это заслуга моих родителей. Они воспитали во мне ответственность, уважение к людям и умение преодолевать трудности. Большую поддержку оказывает и моя семья, – отмечает военнослужащий.

После окончания средней школы №18 города Рудного, он поступил в Рудненский социально-гуманитарный колледж имени И. Алтынсарина. Однако дальнейший жизненный путь он связал с военной службой, исполнив свою детскую мечту.

Первый день службы в отделе пограничного контроля «Желкуар» (автомобильный) стал для него важным этапом адаптации к военной среде. Новая обстановка, высокая ответственность и строгая дисциплина требовали собранности, однако поддержка коллектива помогла быстро освоиться.

Сегодня ефрейтор А. Серикжанов отвечает за техническое обеспечение подразделения. В его обязанности входит обслуживание компьютерной техники, поддержка стабильной работы систем и помощь личному составу в работе с техническими средствами. В современных условиях именно специалисты технического направления обеспечивают



бесперебойную работу связи и информационных систем.

Несмотря на службу, он продолжает заниматься хоккеем. В сезоне 2025-2026 годов его команда «Калқан» стала серебряным призером хоккейной лиги «Прогресс». Свободное время он посвящает семье супруге и двум дочерям, которые являются его главной опорой и мотивацией.

В преддверии Дня работников связи особенно важно отметить таких военнослужащих, которые обеспечивают устойчивую работу технических систем и вносят вклад в безопасность государства.

Старший лейтенант **Н. САКЕН**, «OS-ЧР». Фото из личного архива **А. СЕРИКЖАНОВА**.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қордай ауданы бойынша шекара басқармасында Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні қарсаңында Гвардейск гарнизонының әскери прокуратурасы, прокуратура органдары ардагерлері, сондай-ақ Ауған соғысының ардагерлерінің қатысуымен мерзімді әскери қызметшілермен кездесу өткізілді.



Аталған іс-шара «Сарбазға прокурорлық кеңес» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылып, «Заң мен Тәртіп» конституциялық қағидатын ілгерілетуге, жеке құрамның құқықтық сауаттылығын

арттыруға, сондай-ақ әскери тәртіпті нығайтуға және жастар арасында патриоттық тәрбиені қалыптастыруға бағытталды.

Кездесу барысында әскери прокурор әскери қызмет саласындағы заңнама талап-

тарын түсіндіріп, әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударды.

Ардагерлер өздерінің кәсіби және өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, әскери борышты адал атқарудың, тәртіпті сақтаудың, Әскери антқа адал болудың және әрбір әскери қызметшінің жеке жауапкершілігінің маңыздылығын атап өтті.

Ашық диалог форматында әскери қызметшілер қызмет өткеру, әлеуметтік кепілдіктер мен құқықтық қорғау мәселелері бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Іс-шара қорытындысы бойынша қызмет барысында

оң нәтижелерге қол жеткізген жекелеген әскери қызметшілер Гвардейск гарнизонының әскери прокурорының грамоталарымен марапатталды.

Кездесу соңында қатысушыларға құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүзеге асырылып жатқан заманауи шаралар мониторингтің цифрлық сервистері, кері байланыс арналарының жұмысы, оның ішінде әскери қызметшілер мен олардың туыстарына арналған «жедел желі» таныстырылды. Іс-шара естелік суретке түсумен аяқталды.

Майор **Т. САФАДАТҰЛЫ**. Суретті түсірген автор.



ЖҮРЕГІН ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН

Елордамыз Астана қаласының мәдени өмірінде тағы бір айтулы оқиға орын алды. 15 мамыр күні ҚР Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҰҚК Шекара қызметі Әскери-патриоттық қызметі басқармасы ансамбль бөлімінің солисі Эльвира Нұрғожинаның «Жүректегі әуенім» атты жеке шығармашылық концерті дүркіреп өтті.

Отан қорғаушылар мен жалпы өнер сүйер қауымды әсем әнімен сусындатқан бұл кеш қазақ эстрадасы мен әскери-патриоттық өндердің нағыз мерекесіне айналды.

«Жүректегі әуенім» концерті тек бір әншінің ғана емес, тұтас бір өнер ұжымдарының басын қосқан ауқымды шара болды. Кештің музыкалық сүйемелдеуін ҚР ҰҚК Шекара қызметі ансамблінің эстрада оркестрі өз мойнына алды. Оркестр дирижері Алдияр Абайұлының жетекшілігімен орындалған әрбір туынды көрермен жүрегіне жол таба білді.

сінің жанында жүріп ауыл сахналарында өн шырқаған сәттерден басталған.

Кішкентайынан түрлі байқауларға қатысып, жеңілістің де, жеңістің де дәмін татқан ол үлкен сапарларға шығуды сол кезден-ақ дағдыға айналдырған. Петропавл қаласындағы Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектепте оқып жүргенде, ән-күй пәнінің мұғалімі Серік ағайы оның ерекше дауысын байқап, өнер жолына бағыттайды. Нәтижесінде, жас талант «Звезды Приишимья», «Әнші балапан» сынды республикалық байқаулардың лауреаты атанып, өз жолын айқындай түседі.

Тоғызыншы сыныпты аяқтаған соң, Эльвира Петропавл



Әскери ортаның тәртібі мен өнері ұнаған ол басшылықтың ұсынысымен жұмысқа қабылданады.

Шекара қызметінде 4-5 жыл еңбек етіп, кейін отбасылық жағдайына байланысты Астанаға қоныс аударады. Елордада ол ҚР Ұлттық ұланының Ән-би ансамблінде 4-5 жылдай табысты жұмыс істейді. Ал Шекара ансамблі Астана қаласына ресми түрде қоныс аударған сәтте, әнші өзінің туған ұжымына үлкен қуанышпен қайта оралады. Міне,

бүгінде 7 жылға жуық уақыт бойы ол әскери қызметші, Шекара қызметі ансамблінің беделді солисі ретінде елімізге қызмет етіп келеді.

«Ән – менің тілім, жүрегімнің тілі» – деп айтса керек Эльвира. Және ол дауысы арқылы сол тілді бүкіл еліне жеткізіп келеді. Халықаралық және республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты, өз әндерін жазып, халыққа ұсынып жүрген эстрадалық әскери әнші Эльвира Нұрғожинаның «Жүректегі әуенім» концерті – оның көп жылғы шығармашылық ізденісі мен талмас еңбегінің нәтижесі. Шекарашылардың рухын көтеріп, көрерменге эстетикалық ләззат сыйлаған талантты әншінің алдағы уақытта да биік белестерден көріне беретініне сеніміміз мол.

**Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген
қатардағы А. НҮКЕШОВ.**



Сахна төрінде Эльвира Нұрғожинамен бірге елімізге танымал өнер жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, кештің ажарын аша түсті. Олардың қатарында арнайы қонақтар: Бауыржан Исаев, Ақтоты Болшова, Жұлдызбек Өтешқалиев, Өнер ұжымдары: ҚР ҰҚК ШҚ ансамблі, ҚР Ұлттық ұланының ерлер хоры; Топтар мен студиялар: «Тархан» тобы, «TENGR1» би тобы, «AIMIX» вокалды студиясы өнер иесінің мерейін үстем етті.

Кеш барысында әншінің әскери қызметтегі және өнердегі ерен еңбегі ескеріліп, құрмет көрсетілді. Өнер иесіне бас тәлімгер полковник Н.Темірғалиев Шекара қызметі директорының Алғыс хатын табыс етті.

Бүгінде үлкен сахналарда жарқырап жүрген талант иесінің тамыры тереңде, қарапайым қазақ ауылында жатыр. Эльвира Нұрғожина Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданына қарасты Ленино селосында дүниеге келген. Оның өнерге деген махаббаты бала кезден, әже-



қаласындағы Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжінің «Вокал» бөліміне оқуға түседі. Мұнда білікті ұстаз Жанат Алпысбайқызынан дәріс алып, вокалдық шеберлігін шыңдайды. Колледжді табысты аяқтаған жас әнші үлкен армандармен Алматы қаласына жол тартады.

Өнердің қарашаңырағы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының эстрада бөлімі оған құшағын ашады. Мұнда ол Қазақстанның халық әртісі Лаки Кесоғлудың сыныбына қабылданып, эстрада саңлақтары Нағима Есқалиева, Бауыржан Исаев, Бағым Мұхитденова, Ринема Рустамовна сынды майталман ұстаздардан сабақ алып, кәсіби тұрғыда толысады.

Эльвираның әскери ансамбльмен тағдырының тоғысуы студенттік шақта басталған. Академияның 3-курсында оқып жүргенде құрбыларының шақыртуымен Шекара ансамблімен бірге алғаш рет гастрольдік сапарға шығады. Осы бір сапар оның өмірлік бағытын түбегейлі өзгертті.

БАЙҚАУ

САРБАЗДАР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Отан қорғаушылар күніне орай Ақтау қаласындағы амфитеатр алаңында мерзімді әскери қызметшілер арасында «Сарбаздар ән шырқағанда» атты саптық ән байқауы өтті.



Ақтау қаласы әкімдігінің қолдауымен Абай атындағы мәдени-демалыс кешені ұйымдастырған вокалдық-саптық байқауға Ақтау гарнизонының тоғыз әскери бөлімі қатысты. Сарбаздар мен матростар сап түзеп, әскери-патриоттық мазмұндағы өндерді орындады.

Әр команда саптық дайындықтың жоғары деңгейін, іс-қимылдардың үйлесімділігін және өндерді нақышына келтіре орындауын көрсетті. Қазылар алқасына әсіресе 25744 әскери бөлімінің теңіз жаяу әскерлері бригадасының өнері ерекше әсер

қалдырды. Олар байқаудың бас жүлдесі – гран-приді жеңіп алды.


Бірінші орынды 51809 әскери бөлімінің өуе шабуылына қарсы қорғаныс бригадасы иеленсе, екінші орынға ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Жағалау күзеті бірінші дивизионы лайық деп танылды. Қалған қатысушылар белсенді қатысқандары үшін алғыс хаттармен марапатталды.

ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша департаменті Жағалау күзетінің бірінші дивизионы командирінің орынбасары подполковник

Сұлтан Баймағамбетов мұндай іс-шаралардың жауынгерлік рухты көтеруге, жастарды патриоттық тәрбиелеуге және әскери ұжымдардың бірлігін нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Байқау аяқталғаннан кейін қатысушылар мен көрермендер үшін теңіз жаяу әскерлері бригадасының әскери қызметшілері қоян-қолтық ұрыс бойынша көрсетілім қойылымдарын ұсынды. Ал Жағалау күзеті бірінші дивизионының сарбаздары қарумен дефиле көрсетті. Іс-шара мерекелік концертпен қорытындыланды.

**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
автор.**



ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінде Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне орай өткен салтанатты жиында әскери-патриоттық тәрбие бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келе жатқан білім беру ұйымдарының өкілдеріне ерекше құрмет көрсетілді.

Салтанатты жиынды ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Мадияр Жумадилов ашып, жиналған қауымды айтулы мерекелермен құттықтады. Өз сөзінде департамент бастығы Отанды қорғау – әрбір азамат үшін қасиетті борыш, ал мемлекеттік шекараны күзету – ел қауіпсіздігі жолындағы аса жауапты міндет екенін атап өтті.

Сонымен қатар аға ұрпақтың ерлік жолын ұлықтау, бүгінгі буынды отансүйгіштікке тәрбиелеу – әскери ортада ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды міндет екеніне тоқталды.

Жиын барысында ел шебінде адал қызмет атқарып, қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде орындап жүрген әскери қызметшілермен қатар, жас ұрпақты әскери – патриоттық рухта тәрбиелеуге үлес қосып келе жатқан

білім беру ұйымдарының өкілдері де марапатталды.

Атап айтқанда, Павлодар қаласындағы «Жоғары инновациялық көпсалалы колледжі» мен «Павлодар политехникалық жоғары колледжіндегі» «Жас шекарашы» әскери – патриоттық клубтарының жетекшісі, алғашқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастырушы-оқытушысы аға лейтенант Жоламан Жумадиловтың еңбегі жоғары бағаланды.

Жастардың бойына елжандылық сезімін сіңіріп, оларды әскери қызметке, тәртіп пен жауапкершілікке баулып жүрген аға лейтенант Жоламан Жумадилов жастарды әскери – патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесі және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне қолдау көрсеткені үшін департамент бастығының грамотасымен марапатталды.

Айта кетейік, 2024 жылы ҚР



ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаменті мен Павлодар қаласындағы Жоғары инновациялық көпсалалы колледжі және «Павлодар политехникалық жоғары колледжі» арасында әскери – патриоттық тәрбие беру бағытында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Аталған құжат аясында жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптас-

тыру, шекарашы мамандығына қызығушылығын арттыру, ел қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді.

Сондай-ақ жастарды әскери – патриоттық рухта тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін «Павлодар политехникалық жоғары колледжі» ЖШС директоры Валерий Якутов, аталған колледж басшысы Анна Якутова

және «Жоғары инновациялық көпсалалы колледжі» білім беру ұйымы мекемесінің директоры Анар Ибраева да департамент бастығының грамотасымен марапатталды. Білім беру ұйымдары мен Шекара қызметі арасындағы мұндай байланыс – жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадам.

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ПОД КРЫЛОМ ПОГРАНИЧНОЙ СЛУЖБЫ

В преддверии Дня защитника Отечества в Северо-Казахстанской области прошли масштабные военно-патриотические мероприятия, объединившие представителей молодежных клубов, колледжей и специализированных классов региона.

На базе Академии Национальной гвардии в Петропавловске состоялась областная военно-патриотическая сбор, в котором приняли участие 16 команд. За победу боролись студенты высших колледжей области, воспитанники классов «Жас Бүркіт», представители военно-патриотических объединений и вузов региона.

На фоне серьезной конкуренции особенно уверенно проявила себя команда военно-патриотического клуба «Жас шекарашы» Департамента ПС КНБ по СКО.

Честь пограничного ведомства защищали ученики 11-го класса Налобинской средней школы: Ксения Бакукина, Алексей Косогов, Денис Лукин, Ева Изотова, Полина Спивак, Владислав Шилев и Максим Яковлев.

Несмотря на то, что соперниками ребят были студенты колледжей и воспитанники специализированных военно-патриотических классов, юные пограничники сумели показать лучший результат и заняли первое место в общем зачете.

Этот успех стал результатом

серьезной подготовки, которую на постоянной основе проводят военнослужащие пограничного отделения «Талсай» Департамента ПС по СКО. Пограничники занимаются с ребятами строевой и физической подготовкой, обучают основам военного дела, помогают воспитывать дисциплину, ответственность и умение работать в команде. Благодаря такому взаимодействию школьники не только успешно выступают на соревнованиях, но и глубже понимают значение службы по охране Государственной границы.

Успех команды получил продолжение в селе Бесколь, где состоялся районный конкурс знаменных групп среди военно-патриотических клубов Кызылжарского района. И здесь Налобинская средняя школа

вновь стала лучшей, заняв первое место среди команд района.

Две победы за несколько дней стали ярким подтверждением того, что военно-патриотический клуб «Жас шекарашы» не только достойно представляет Пограничную службу, но и воспи-

тывает молодежь, для которой слова «патриотизм», «дисциплина» и «служение Родине» имеют настоящий смысл.

Майор Д. МУКАЖАНОВА,
«OS-ЧР». Фото из подразделения границы.



ЕЛЖАНДЫ ЖАСТАР МЕКТЕБІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып келеді. Осы мақсатта шекара басқармасының бастығы полковник А.Ташимов пен Жаркент орта мектебінің директоры А.Дарубаева арасында «Жас шекарашы» әскери – патриоттық клубы аясындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Аталған құжат өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери қызметтің маңызын түсіндіруге және жастардың әскери мамандықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, меморандум аясында жасөспірімдерге ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тәртіп пен жауапкершілікке баулу, азаматтық ұстанымды нығайту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда әскери – патриоттық тәрбие – қоғам үшін аса маңызды

бағыттардың бірі. Себебі ел ертеңі саналатын жастардың саналы, білімді әрі отансүйгіш болып қалыптасуы мемлекет болашағымен тікелей байланысты. Осы ретте «Жас шекарашы» клубының жұмысы жас буынның әскери өмірмен жақынырақ танысуына, шекарашылар қызметінің ерекшелігін түсінуіне мүмкіндік береді.

Меморандум шеңберінде шекарашылар мен мектеп ұжымы бірлесіп түрлі тәрбиелік және танымдық іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, әскери – патриоттық

кездесулер, ашық сабақтар, экскурсиялар, спорттық жарыстар, саптық дайындық сабақтары мен тарихи – танымдық шаралар ұйымдастырылады. Мұндай іс-шаралар оқушылардың бойында батылдық, тәртіп, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырып, олардың рухани дамуына оң ықпал етеді.

Осындай игі бастамалар арқылы шекара қызметі мен білім беру ұйымдарының өзара байланысы нығайтып, жас ұрпақты елжанды рухта тәрбиелеу жұмыстары жаңа деңгейге көтерілмек. «Жас шекарашы» клубының қызметі өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастырып қана қоймай, олардың ел қауіпсіздігі мен тәуелсіздігінің қадірін терең түсінетін саналы азамат болып өсуіне негіз болады.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР». Суреттер шекара
басқармасынан.



ЕРЛІКKE БАСТАР ЖОЛ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛАДЫ

2026 жылдың 6 мамыры күні Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңында Өскемен қаласындағы Опытное поле ауылындағы мектептің саптық алаңында жас ұрпақтың рухын көтерген, елдік пен ерлікті ұлықтаған ауқымды әскери-патриоттық іс-шара өтті. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен 40-қа жуық «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының жаңа мүшелерінің салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі өткізілді.

Бұл шараның басты мақсаты – жастардың бойына патриоттық рух қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, әскери қызметтің маңызын түсіндіру және ел қауіпсіздігін сақтаудың қасиетті міндет екенін ұғындыру болды.

Салтанатты рәсім әскери тәртіппен басталып, сап түзеген жас шекарашылар Отан алдында адал болуға ант берді. Әскери киім киген жас өрендердің нық қадамы мен салмақты жүзінен елге қызмет етуге деген ынта мен жауапкершілік анық сезілді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның болашағы саналатын жас буынның елжандылық рухта өсіп келе жатқанының айқын көрінісі.

Іс-шара барысында департамент бастығы полков-

ник Бауыржан Садыков жас шекарашыларды құттықтап, Отан қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы екенін ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның қауіпсіздігі – нағыз ер азаматтардың қырағылығы мен адал қызметінің нәтижесі екенін жеткізді.

Ант қабылдау рәсімі кезінде жасөспірімдер мемлекеттік рәміздерге тағзым жасап, Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге серт берді. Бұл ант – жай ғана сөз емес, ел мен жер алдындағы жауапкершілікті сезіну, халық сенімін ақтауға ұмтылу, Отанға деген шынайы махаббаттың белгісі.

Шараның тәрбиелік мәнін арттыра түскен тағы бір әсерлі



сәт – әскери көрсетілімдер болды. Қызметтік иттердің көмегімен шекара бұзушыларды ұстау көріністері, қоян-қолтық ұрыс тәсілдері мен әскери дайындық элементтері көпшілік назарына ұсынылды. Мұндай көріністер жастардың әскери мамандыққа деген қызығушылығын оятып қана қоймай, шекарашылар қызметінің жауапкершілігі мен күрделілігін терең сезінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, оқушылар патриоттық әндер орындады. Жас өнерпаздардың жүрепкеп айтқан әндері мен Отанға деген ыстық ықыласы көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Бүгінде патриоттық тәрбие – қоғам үшін аса маңызды бағыттардың бірі. Себебі елдің ертеңі – бүгінгі жастардың қолында. Ал туған жерін құрметтеп, елін қорғауға дайын ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

«Жас шекарашы» әскери патриоттық клубының қатарына қабылданған жас өрендер – ертең ел шебін күзететін, халқымыздың тыныштығын қорғайтын азаматтар. Олардың жүрегіндегі патриоттық сезім мен елге деген сүйіспеншілік – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағының кепілі.

Отанды сүю – туған жердің әр ұс топырағын қадірлеуден басталады. Ал елін қорғауға дайын ұрпақ барда, Қазақстанның көк байрағы әрдайым биікте желбірей беретіні сөзсіз.

Подполковник
Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Суреттер басқармадан.





Әскерден хат

Мақалыңдарым, айтулы аман, жағдайларыңыз қалай? Аман - есенсіздеріме? Менде бәрі жақсы әскери өмірге жаңа ортаға біртіндеп үйреніп келемін. Әр күніміз жауапкершілікке толы өтеді. Алғашқы күндер оңай болмады, бірақ бұл мені шынықтырып, сабыр мен тұртікке үйретіп жатыр. Кемел біз үшін маңызды күн болды - әскери ант қабылдау рәсімі өтті, сол сәтте ел шебін қорғау деген ұлы міндеттің мәнін терең сезіндім.

Қазіргі таңда әскери өмірге бой үйретіп, тұртікке дағдыланп келемін. Әр күніміз жоспарлы өтеді, дайындықтарымыз да қарқынды, бұл бізді физикалық, әр рухани тұрғыда күшейтеп жатыр.

Ұайымдамаңыздар, менде бәрі жақсы. Сіздерді қатты сағындым бірақ бұл уақыт мені шыныдап, нағыз азамат ретінде қалыптастыратынына сенемін. Ел шебін абыроймен қорғап сіздердің алдарыңызға аман - есен ораламын. Сіздерді мақтан тұтатын және әрдайым нұрлығымда алып жүремін.

*ҰҚК шекара басқармасы
Жетісу облысы бойынша
Ұшарал шекара басқармасы
техникалық баілімнің саубағы
Жұмыбеков Жанар Тимурұлы*



Суретті ЖИ арқылы жасаған капитан Ө.АЙТӨЛІ, «ОС-ЧР».



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер 8 (7172) 72 81 56
E-mail smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb
Бас редактор Рахат Нұрғалиев
Редактор Азамат Мұханов
Жауапты хатшы Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші
Нұржан Қабдулов
Корректорлар Майра Касенова, Өркен Шопашев
Нөмірдің кезекші редакторлары
Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдос Киргизбаев,
Диас Жамухамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "ОС-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.